Конкурстық құжаттамаға
16-қосымша

Сатып алынатың қызметтердің Техникалық ерекшелігі (тапсырыс беруші толтырады)

Тапсырыс берушінің атауы:	Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің "№14 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Ұйымдастырушының атауы:	Маңғыстау облысының білім басқармасының Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің "№14 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Конкурстың №:	№ 17987756-1
Конкурстың атауы:	Кабинеттерді эстетикалық безендіру бойынша қызметі
Лоттың нөмірі:	№ 88703210-ОК1
Лоттың атауы	Эстетикалық безендіру бойынша қызмет көрсетулер
Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бірыңғай номенклатуралық анықтамалығы кодының атауы:	749020.000.000124
Қызметтің атауы:	Эстетикалық безендіру бойынша қызмет көрсетулер
Өлшем бірлігі:	Бір қызмет
Саны (көлемі):	1
Қосылған құн салығын есептемегенде бірлік бағасы:	8620689.66
Қосылған құн салығын есепке алмағанда, сатып алуға бөлінген жалпы сома:	8620689.66
Авиациялық техниканы сатып алуды қоспағанда, тауар жаңа, пайдаланылмаған, шығарылған жылы шарт жасалған күнге дейін (үш жылға дейін) ерте болмауға тиіс:	
Қызмет көрсету мерзімі	келісім шарт күшіне енген күннен бастап 30 күнтізбелік күн
Аванстық төлем мөлшері:	0

Кепілдік мерзімі (айлармен)	12

Талап етілетін сипаттамалардың, параметрлердің және өзге де бастапқы деректердің сипаттамасы	Осы жоба шеңберінде мердігер география кабинетін жаңғырта отырып, эстетикалық безендіру жұмыстарын орындауға міндетті. Жұмыстардың нысаны – география кабинеті. Эстетикалық безендіру шеңберінде әлеуетті өнім беруші кеңістікті функционалдық аймақтарға бөлу талаптарына сәйкес интерьерді және сәндік жиһаздарды безендіру бойынша кешенді жұмыстарды орындауға міндетті. Кабинетті эстетикалық безендіру заманауи білім беру ортасының ажырамас бөлігі болып табылады және қолайлы психологиялық ахуал қалыптастыруға, оқушылардың білім алуға деген ынтасын арттыруға, сондай-ақ олардың мәдени және эстетикалық құндылықтарын дамытуға бағытталған. Кабинеттің көрнекі кеңістігі оқушылардың алаңдаушылық деңгейін төмендетуге, зейінін шоғырландыру қабілетін жақсартуға және білім беру ұйымына деген қатыстылық сезімін қалыптастыруға ықпал етуі тиіс. География кабинетін жабдықтаудың техникалық ерекшелігі 1. Интерактивті панель – 1 дана. Интерактивті сенсорлық дисплей мұғалім мен оқушының әртүрлі оқу материалдарымен және электрондық сабақтармен бір мезгілде жұмыс істеуіне мүмкіндік беруі тиіс. Интерактивті дисплей маркермен жанасуға да, саусақпен басқаруға да жауап беруі тиіс. Техникалық сипаттамалары: жалпы сипаттамалар мен жүйелік талаптар. Диагоналі – кемінде 75 дюйм. Технологиясы – LED. Көру бұрышы – кемінде 178° (H) / 178° (V). Бір мезгілдегі жанасулар саны – кемінде 20. Дисплей ажыратымдылығы – кемінде HD 4K, 3840 × 2160 @ 60 Hz. Динамикалық контрастылық коэффициенті – 5000:1. Экран жақтарының арақатынасы – кемінде 16:9. Процессоры – кемінде сегіз ядролы. Жедел жады – кемінде 8 ГБ, тұрақты жады – кемінде 128 ГБ ROM. Әйнек түрі – қалыңдығы кемінде 4 мм шыңдалған әйнек. Жанасуды анықтау технологиясы – инфрақызыл. Динамиктер – алдыңғы панельге кіріктірілген, кемінде 2 дана; шығыс қуаты – кемінде 15/20 Вт × 2. Сабвуфер – кемінде 20 Вт. Микрофондар саны – кемінде 8 MIC. Жанасуға жауап беру уақыты – 8 мс-тан аспайды. Байланыс құралдары: Bluetooth нұсқасы – кемінде 5.2, жұмыс жиілігі – кемінде 2,4 ГГц, жұмыс қашықтығы – кемінде 20; Wi-Fi нұсқасы – кемінде 802.11a/b/g/n/ac/ax (Wi-Fi 6), жұмыс жиілігі – 2,4 ГГц + 5 ГГц. Операциялық жүйе нұсқасы – кемінде 14.0. Жұмыс температурасы – 0 °C-тан 45 °C-қа дейін. Қуат көзіне қойылатын талаптар – 100–240 В, 50/60 Гц. Жалпы қуаты – кемінде 280 Вт. Күту режиміндегі қуат тұтынуы – 0,5 Вт. Кіріс-шығыс порттары: артқы жағында – кемінде 2 HDMI IN 2.1, 1 HDMI OUT, 1 USB 2.0, 2 USB 3.0, 1 MIC IN, 1 COAX, 2 TOUCH USB 2.0, 1 RS232, 1 RJ45 IN, 1 RJ45 OUT, 1 TF Card және 1 құлаққап порты. Алдыңғы жағында – кемінде 1 HDMI кірісі, 3 USB-B 3.0, 1 сенсорлық USB және 1 Type-C порты. Жарықтығы – кемінде 350 кд/м². Контрастылығы – кемінде 1200:1. Жауап беру уақыты – кемінде 8 мс. Жаңарту жиілігі – кемінде 60 Гц. Жиынтық құрамы: қашықтан басқару пульті; ұзындығы кемінде 3 м қуат кабелі – 1 дана; ұзындығы кемінде 3 м HDMI кабелі – 1 дана; сенсорлық кабель – кемінде 1 дана; жазу қаламы – кемінде 2 дана; қабырғаға бекіткіш – кемінде 1 дана; VESA бекіткіші

	– кемінде 500 × 600 мм; қалам ұстағыш – 2 дана. Кіріктірілетін компьютерге (OPS) арналған слот өлшемдері – кемінде 198 × 180 × 30 және 120 × 180 × 30 мм; таза салмағы – 49 кг-нан аспайды, жалпы салмағы – 62 кг-нан аспайды. Интерактивті панельді сатып алу мақсатында әлеуетті өнім беруші конкурстық өтінім құрамында осы конкурстың нөмірі, лот нөмірі және Тапсырыс берушінің атауы көрсетілген авторизациялық хаттарды ұсынуы тиіс. Әлеуетті өнім беруші конкурстық өтінім құрамында лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеушінің хатының көшірмесін не зияткерлік меншік құқықтарын беру туралы шарт негізінде құқық иеленушінің немесе Қазақстандағы әзірлеушінің ресми дистрибьюторының хатын ұсынуы тиіс. Хат конкурстық комиссияға немесе конкурстық өтінім беретін әлеуетті өнім берушіге арналуы тиіс. Қаптамасының өлшемдері кемінде 1875 × 1020 × 200 мм (Ұ × Б × Е). Операциялық жүйе соңғы буындағы болуы тиіс. 2. Интерактивті панельдің лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуінің интерфейсі кемінде үш тілде: қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде болуы тиіс. Бағдарламалық қамтамасыз ету интерактивті панельмен жұмыс істеуге арналған болып, тақта құралдарын, драйверді және қолданбалы интерактивті бағдарламаны қамтуы тиіс. Интерактивті панельге арналған бағдарламалық қамтамасыз ету: жұмыс режимдері – кемінде басқару (тінтуір), аннотация, толық экран, терезе және мөлдір қабат. Сабақтарды дайындау және сақтау мүмкіндіктері: объектілерді бұру, жылжыту және өлшемдерін өзгерту, соның ішінде ескертпелер қосу және экранның жедел суретін жасау; объектілермен жасалған әрекеттерді кезең-кезеңімен қайта ойнату; геометриялық фигуралар мен көпбұрыштарды автоматты түрде тану және оңтайландыру; объектілерге гиперсілтемелерді қосу; объектілерге элементтер қосу; объектілерді мөлдір ету; үлгілер мен суреттерді фон ретінде кірістіру және галереяны пайдалану; беттерді ұйымдастыру; объектілерді бір беттен екіншісіне немесе бір қолданбадан басқа қолданбаға тасымалдау; файлдарды тіркеу; файлдарды әртүрлі форматта (мысалы, PDF немесе HTML) сақтау; беттерді жеке кескін файлдары (мысалы, JPEG немесе GIF) түрінде сақтау; бетке тор орнату; галереядан Flash® анимациялық файлдарын енгізу және өзінің Flash файлдарын қосу; қосылу түрі, жазу мәнері, үзік сызық түрі және басқа да белгілері бойынша ерекшеленетін сурет салу құралдарының кең таңдауы; ақпаратты көлеңке және жарықтандыру әсерлерімен көрсету. Жекелеген аймақтарды үлкейтуге арналған перде, прожектор және үлкейткіш әйнек. Бағдарламаларды басқару панелі арқылы қолданбалардың көпшілігіне қол жеткізу. Қалқымалы құралдар палитрасын баптау. Дәл геометриялық әрекеттерге арналған виртуалды құралдар: циркуль, сызғыш және транспортир. Экрандық пернетақтамен мәтін енгізу. Түпнұсқа лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу мақсатында әлеуетті өнім беруші конкурстық өтінім құрамында осы конкурстың нөмірі, лот нөмірі және Тапсырыс берушінің атауы көрсетілген авторизациялық хаттарды ұсынуы тиіс. Әлеуетті өнім беруші конкурстық өтінім

	құрамында лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеушінің хатының көшірмесін не зияткерлік меншік құқықтарын беру туралы шарт негізінде құқық иеленушінің немесе Қазақстандағы әзірлеушінің ресми дистрибьюторының хатын ұсынуы тиіс. Хат конкурстық комиссияға немесе конкурстық өтінім беретін әлеуетті өнім берушіге арналуы тиіс. 3. ОҚЫТУШЫҒА АРНАЛҒАН МОНОБЛОК – 1 дана МОНОБЛОК – 1 дана. Сипаттамалары: экран диагоналі – кемінде 23,8 дюйм; матрица түрі – IPS немесе IGZO LED; экранның бүйір жақтауының ені – 0,3 см-ден аспайды; экран пішімі – кең форматты, 16:9; ажыратымдылығы – кемінде 1920 × 1080; көлденең/тік көру бұрышы – кемінде 178°/178°; контраст арақатынасы – кемінде 1000:1; қабырғаға орнатуға арналған VESA стандартты бекіткіштері болуы тиіс. Монитордың орналасуын реттеу: реттелетін тұғыр, еңкею бұрышы −5°-тан +30°-қа дейін, көлденең бұрылу бұрышы −45°-тан +45°-қа дейін, экранды тік кітаптық қалыпқа бұру, биіктігін кемінде 130 мм реттеу. Процессор ядроларының саны – кемінде 4, ағындарының саны – 8; негізгі тактілік жиілігі – 3,30 ГГц; ең жоғары жиілігі – 4,28 ГГц-тен жоғары; кэш-жады – 12 МБ; жылу қуаты – 60 Вт. Қауіпсіздік құлпына арналған Lock ұясы болуы тиіс. Орнатылған жедел жады – кемінде 8 ГБ DDR4; DIMM слоттары – кемінде 2; жинақтауыш – кемінде 256 ГБ SSD M.2 NVMe; графикалық бейнеадаптер – кемінде кіріктірілген UHD 710; чипсет – кемінде H610 LGA1700. Сыртқы интерфейстер: кемінде 1 HDMI, 1 VGA, 1 аудио шығысы, 1 микрофон кірісі; USB порттары – кемінде 2 × USB 3.2 Gen2, 2 × USB 3.2 Gen1, 1 × USB Type-C. Дыбыс шығару құралдары – әрқайсысының қуаты кемінде 2 Вт болатын екі кіріктірілген кеңжолақты динамик. Байланыс құралдары: кіріктірілген LAN 10/100/1000 Мбит/с контроллері, Wi-Fi 802.11 a/b/g/n/ac адаптері, Bluetooth. Веб-камера – кемінде 2 Мп, кіріктірілген екі бағытты микрофоны бар. Бейне ағынын физикалық бұғаттауға арналған жылжымалы тетік болуы тиіс. Бұл камера объективін физикалық жабуға мүмкіндік беретін механикалық элементті (перде немесе сырғытпаны) білдіреді; ол құпиялылықты қамтамасыз етуге және жабдықты пайдалану кезінде бейненің рұқсатсыз берілуін болдырмауға арналған. Жиынтықта пернетақта – 1 дана, тінтуір – 1 дана болуы тиіс. Тінтуір: USB, оптикалық, айналдыру дөңгелегі бар. Пернетақта: стандартты, орыс тіліне бейімделген, толық өлшемді. Қуат көзі – кемінде 120 Вт, тиісті стандартқа сай. Соңғы буындағы операциялық жүйе білім беру мекемелерінің домендік желісіне қосылу мүмкіндігі бар, алдын ала орнатылған лицензиялық жүйе болуы тиіс. Операциялық жүйе лицензиясының қолданылу мерзімі шектеусіз. Жеткізу талаптары: құрылғылар өндіруші зауытта құрастырылып, сынақтан өткізілуі, зауыттық таңбасы және пайдалану нұсқаулығы болуы тиіс. Өнім берушіге қойылатын талаптар: әлеуетті өнім беруші конкурстық құжаттаманың құрамында жеткізілетін бағдарламалық қамтылымның (операциялық жүйенің) өндірушілерінен немесе олардың ресми өкілдерінен (дилерлерінен не дистрибьюторларынан) Тапсырыс берушінің атына авторизациялық хаттарды ұсынуы

	тиіс. Хат әлеуетті өнім берушінің осы конкурс шеңберінде бағдарламалық қамтылымды жеткізуге және енгізуге құқығы бар екенін растауы керек. Авторизациялық хатта конкурстың толық атауы жазылуы тиіс. 4. ҮЗДІКСІЗ ҚУАТ КӨЗІ – 1 дана. Барлық сипаттамалар кемінде мынадай болуы тиіс: үздіксіз қуат көзінің түрі – желілік-интерактивті; қуаты кемінде 600 ВА/360 Вт; кіріс кернеуі шамамен 220 В; шығыс қосқыштарының саны кемінде 2 дана; режимдердің ауысу уақыты кемінде 3 мс; аккумулятордың зарядталу уақыты кемінде 6–8 сағат. 5. КӨПФУНКЦИЯЛЫ ҚҰРЫЛҒЫ – 1 дана. Басып шығару түрі – монохромды, баспа тасымалдағыштарының форматы – А4. Баспа тасымалдағыштарының түрлері: конверттер, кәдімгі қағаз, ашықхаттар/жапсырмалар. Қағаздың ең төменгі тығыздығы – кемінде 65 г/м²; ең жоғары тығыздығы – кемінде 120 г/м². Ең жоғары басып шығару ажыратымдылығы – кемінде 600 × 600 dpi. Айлық ең жоғары жүктеме – 8000 бетке дейін. Ақ-қара басып шығару жылдамдығы – кемінде 20 бет/мин. Сканер түрі – кемінде планшеттік. Сканер ажыратымдылығы – кемінде 600 × 600 dpi. Қағаз беру науасының сыйымдылығы – 150 парақ. Қабылдау науасының сыйымдылығы – кемінде 100 парақ. Қосылу интерфейсі – кемінде USB Type-B. Кепілдік мерзімі – кемінде 1 жыл. 6. ЖЕРГЕ ТҰЙЫҚТАУ КОНТУРЫ БАР ЖЕЛІЛІК СҮЗГІ – 2 дана. Желілік сүзгіде кемінде 5 розетка ұясы болуы және кабель ұзындығы кемінде 5 м болуы тиіс (есептеу және кеңсе техникасын қауіпсіз пайдалану үшін). 2. Кабинетке арналған жиһаз 2.1 Мұғалім үстелі – 1 дана. Үстелдің габариттік өлшемдері – кемінде 1200 × 750 × 750 мм, үстел тақтайының қалыңдығы – кемінде 22 мм. Бүйір тіректері және алдыңғы тұтас панелі қалыңдығы 16 мм ЛДСП-дан жасалуы тиіс. Мұғалім жағындағы ішкі бөлікте тартпалар болуы тиіс. 2.2 Оқытушы креслосы – 1 дана. Бес дөңгелегі бар, биіктігі реттелетін кресло. Қаптамасы – гобелен, аяқтары – пластик. 2.3 Оқушы үстелі – 15 дана. Үстел тақтайының өлшемі – кемінде 1200 × 600 мм; үстіңгі жиегінің еденнен биіктігі – 760 мм. Үстел тақтайы қалыңдығы кемінде 16 мм сұр түсті ЛДСП-дан, жиегі қалыңдығы кемінде 2 мм ақ түсті ПВХ-дан жасалуы тиіс. Бұрыштары жұмырланған болуы керек. Алдыңғы және артқы жақтарында бүкіл ұзындығы бойымен көк түсті сәндік ендірмелер болуы тиіс. Металл қаңқасы екі бүйір тіректен, екі тік тіреуден және екі нығайтқыш жақтаудан тұруы тиіс. Бүйір тіректер мен тік тіреулер бір-біріне тартпа панель және үстел тақтайы арқылы біріктірілуі қажет. Металл қаңқасы ашық сұр түсті полимерлік жабынмен қапталуы тиіс. Үстел тақтайы өлшемі 520 × 1100 мм металл жақтауға бекітіледі. Жақтау қабырғасының қалыңдығы кемінде 1,5 мм болатын 25 мм шаршы құбырдан жасалуы тиіс. Қаңқаның бүйір тіректері – ұзындығы кемінде 500 мм, қимасы 50 × 25 мм, металл қалыңдығы кемінде 1,5 мм тікбұрышты профильді құбыр. Тік тіреулер – ұзындығы кемінде 600 мм, қимасы 40 × 25 мм, металл қалыңдығы кемінде 1,5 мм тікбұрышты профильді құбыр. Тартпа панельге арналған нығайтқыш жақтау өлшемі – 400 × 1100 мм, 25 мм шаршы құбырдан, металл қалыңдығы кемінде 1,2 мм. Тартпа панель

	қалыңдығы 16 мм сұр түсті ЛДСП-дан жасалуы тиіс. Үстел астындағы қаңқаның сыртқы сол және оң жағына сөмкеге арналған бір ілмекті 2 ілгек дәнекерленуі тиіс. Үстел тақтайы қаңқаға жасырын бекіту әдісімен орнатылады. Еденнің тегіс еместігін өтеуге арналған реттелетін металл тіреуіш табандар болуы тиіс. 2.4 Оқушы орындықтары – 30 дана. Аяқтары диаметрі кемінде 22 мм, қабырғасының қалыңдығы кемінде 2 мм болатын иілген болаттың дөңгелек профилінен жасалуы тиіс. Аяқтары П-тәрізді пішінде, дәнекер жігі жоқ біртұтас иілген болат профильден жасалып, жоғары температурада полимерлік ұнтақ бояумен боялуы тиіс. Алтыншы бой тобына сәйкес келуі және сапалы пластик бітеуіштері болуы керек. Жас санаты – 6 жастан асқан балаларға жарамды. Отырғышы – қос қабырғалы және үрленген жастықшасы бар, қалыңдығы кемінде 60 мм полипропилен; ауа өткізгіштігі үшін диаметрі 2 мм-ден аспайтын тесіктері болуы тиіс. Отырғыштың тереңдігі мен ені – кемінде 400 мм, шеттері жұмырланған. Арқалығында кемінде 80 мм тесік болуы қажет. Салмағы 6 кг-нан аспауы тиіс. 2.5. Жартылай ашық шкаф – 2 дана. Ені кемінде 850 мм, тереңдігі кемінде 400 мм, биіктігі кемінде 1900 мм. Шкафтың жоғарғы бөлігінде 3 ашық сөре, төменгі бөлігінде екі есіктің артында сөрелер орналасады. Шкаф ламинатталған ағаш-жоңқа тақтасынан жасалған. Шеттері қалыңдығы 2 мм соққыға төзімді ПВХ жиекпен қапталады. Корпустың еденнің тегіс еместігін өтеуге арналған реттелетін тіректері болуы тиіс. 2.6 МАРКЕРЛІ ТАҚТА – 1 дана. Қабырғаға ілінетін бор/маркер тақтасы үш қанатты, бес элементті, өлшемі кемінде 100 × 300 см болуы тиіс. Ашылған күйдегі өлшемі – кемінде 100 × 300 см. Бүйір қанаттарының өлшемі – кемінде 100 × 74,5 см, орталық бөлігінің өлшемі – шамамен 100 × 150 см-ден кем емес. Үш қанаты бормен жазуға арналған болуы тиіс. Бормен жазылатын беті қою жасыл түсті болуы қажет. Тақтаның негізгі бөлігі біржақты бор тақтасы, артқы жұмыс істемейтін жағы мырышталған болуы тиіс. Айналмалы элементтері екіжақты болуы тиіс. Қаптама парағының негізі көрнекі оқу құралдарын магниттер арқылы тақта бетіне бекітуге мүмкіндік беруі тиіс. Негізгі және қосымша беттерге арналған бекіткіштер металл, аспалы болып, тақтаның екі еселенген салмағынан кем емес жүктемеге төзуі керек. 2.7 РУЛОНДЫ ПЕРДЕЛЕР – 1 жиынтық. Өлшемдері терезе ойықтарының нақты өлшемдеріне сәйкес болуы тиіс. Түрі – тізбекті (немесе баламалы) басқару механизмі бар рулонды перделер. Материалы – жарықтан қорғайтын мата (полиэстер немесе баламасы). Құрамы: бекіткіштер жиынтығы, білік, басқару механизмі. Сенімді көтеру механизмі болуы тиіс. Ені – кемінде 200 см (немесе 200–240 см аралығы), биіктігі – 220 см-ге дейін. 2.8 Әлеуетті өнім беруші «Интерактивті атлас» тақырыбында интерактивті ақпараттық-білім беру стендін (бұдан әрі – стенд) әзірлеуі тиіс. Стенд география тақырыбын оқып-үйренуге көрнекі ақпараттық-білім беру қолдауын қамтамасыз етуі керек. Стендтің габариттік өлшемдері кемінде 1 × 1,7 м, қалыңдығы кемінде 8,99 мм, жиектері жартылай дөңгеленген және алынбалы қорғаныш

	үлдірі болуы тиіс. Онда арнайы әзірленген деректер базасымен байланысты кемінде 13 (он үш) жылдам жауап беру коды (QR-код) орналастырылуы керек. Деректер базасының цифрлық контенті стендтің география тақырыбын жан-жақты қамтуы тиіс. Ақпараттық-білім беру стендінің материалы – полиметилметакрилат. Түрлі түсті кескін жоғары сапалы әрі жоғары ажыратымдылықтағы ультракүлгін басып шығару әдісімен салынуы тиіс; бояу ультракүлгін сәуленің әсерінен қатып (фотополимерленіп), басылатын материал бетінде үлдір түзуі тиіс. Бекіткіш бөлшектер тот баспайтын болаттан жасалып, диаметрі кемінде 18 мм болуы тиіс. Сондай-ақ диаметрі кемінде 16 мм, тесігі кемінде 9 мм болатын түссіз жұмсақ резеңке шайбалар кемінде 8 дана қарастырылуы тиіс. Арнайы әзірленген деректер базасымен байланысты осы стендте Қазақстан таныған әрбір мемлекет туралы қазақ, ағылшын және орыс тілдеріндегі цифрлық контент жинақталуы тиіс. Бұл стенд әлемдегі танылған барлық мемлекеттер белгіленген географиялық картасы және олардың мемлекеттік туларының абстрактілі бейнелері бар интерактивті географиялық атлас болуы тиіс. Ыңғайлы навигация үшін елдер құрлықтар бойынша топтастырылуы қажет. Әрбір мемлекетке оның ресми атауы, географиялық орналасуы, аумағы, әкімшілік-аумақтық құрылымы, астанасының атауы және басқару нысаны туралы толық сипаттама берілуі тиіс. Сондай-ақ әр елдің флорасы, фаунасы, табиғи ресурстары, климаты, басты көрікті жерлері, валютасы мен діні туралы мәліметтер ұсынылады. Атлас әр елді ғарыштық жерсерік арқылы қарауға, сондай-ақ елдер бойынша бейне және фотоматериалдар топтамасын көруге мүмкіндік беруі тиіс. Пайдаланушыны әр мемлекеттің мәдениетіне жақындататын атмосфера қалыптастыру мақсатында әр елдің өзіне тән ұлттық музыкасын тыңдау функциясы қосылуы қажет. Елдердің әрқайсысы аумақтық шекараларды оқушылар мен мұғалімдерге оңай ажырату үшін ерекше түспен белгіленуі тиіс. Бұл интерактивті атлас әлем елдері туралы ақпаратты зерттеу мен оқып-үйренуге ерекше мүмкіндік беріп, білім беру процесіне және Жер шарының алуан түрлілігі туралы білімді кеңейтуге ықпал етуі керек. Стендте әлемдегі барлық танылған мемлекеттер көрсетілген географиялық карта және олардың мемлекеттік туларының абстрактілі бейнелері болуы тиіс. Сондай-ақ елдердің геоақпараттық жүйедегі және үшөлшемді глобустағы орналасуын көрнекі зерттеу мүмкіндігі қарастырылуы керек. Планеталық ауқымдағы онлайн функция арқылы пайдаланушылар Жердің нақты таңдалған нүктесінде әлем бойынша мынадай құбылыстарды нақты уақытта бақылай алуы тиіс: жел (жел екпіндері), жауын-шашын мен найзағай (жаңбыр, қар, найзағайдың жиналуы), ауа температурасы (ылғалдылық), бұлттар (төменгі бұлттар және олардың көрінуі), толқындар (теңіз толқыны, дүниежүзілік теңіздердің температурасы) және ауа сапасы (NO2, PM2.5, озон қабаты, аэрозоль параметрлері). Бұдан бөлек, стендте елдердің географиялық ерекшеліктерін көрсететін интерактивті атлас, мемлекеттердің нақты аумақтық өлшемдерін салыстыруға мүмкіндік беретін интерактивті функция және әлем елдерінің

	географиясы туралы білімді тексеруге арналған картографиялық викториналар қарастырылуы тиіс. Бұл оқу құралы оқушылар мен педагогтердің әлем елдері, мәдени ерекшеліктері және табиғи құбылыстар жөніндегі білімін тереңдетіп, планетамызды жан-жақты түсінуге ықпал етуі қажет. Стенд заманауи стильде безендірілуі тиіс. Дизайнында қою көк фон, мемлекеттік тулардың абстрактілі бейнелері, компас, сондай-ақ барлық қолданыстағы аралдар, теңіздер, мұхиттар, толысулар, архипелагтар, мемлекеттер (астаналары көрсетіліп) және құрлықтардың қазақ тіліндегі атаулары болуы қажет. Барлық дүниежүзілік құрлықтарға сәйкес, арнайы әзірленген контентпен (деректер базасымен) байланыстырылған жылдам жауап беру кодтары бар, бұрыштары дөңгелектелген шаршы пішіндер қарастырылуы тиіс. Стендтің жоғарғы оң жақ бұрышында өндіруші компанияның атауы көрсетілуі қажет. Жоғарғы сол жақ бұрышта шатыры мен мұржасы бар Жер планетасының компас қызметін атқаратын шағын бейнесі болуы тиіс. Оның астында бұрыштары дөңгелектелген тікбұрыш орналасып, ішінде 1 (бір) жылдам жауап беру коды және ақ түсті жазу бейнеленуі керек. Стендтің екі жағында смартфон ұстап тұрған қолдардың бейнелері болуы тиіс. Сол жақтағы қол мен смартфон ашық жасыл реңкте, ал оң жақтағы қол мен смартфон таңқурай түстес реңкте болуы қажет. Екі смартфон да жылдам жауап беру кодын сканерлеп жатқандай әсер беруі тиіс. Таңқурай реңкті қол мен смартфонның астында жасыл шеңбер көрсетіліп, оның ішінде 1 (бір) жылдам жауап беру коды орналастырылуы тиіс. Шеңбердің бойына белгілі бір елдің ең маңызды көрікті жерлерінің графикалық бейнелері салынуы қажет. Стендтің төменгі бөлігінің ортасында жасыл түсті «АТЛАС» жазуы, ал оның екі жағында стенд тақырыбына қатысты ақ түсті жазулар орналастырылуы тиіс. Осы жазулардың оң және сол жағында деректер базасымен байланыстырылған жылдам жауап беру кодтары болуы қажет. Контенттік (цифрлық) бөліктегі ақпарат пайдаланушы қалаған түсті автоматты ауыстыру түймесі арқылы таңдауға мүмкіндік беретін қараңғы немесе ашық фонда көрсетілуі тиіс. Ақпарат мынадай ретпен орналастырылуы қажет: 3D Күн жүйесі, Еуразия, Африка, Солтүстік Америка, Оңтүстік Америка, Австралия, Антарктида, Нақты уақыттағы геодеректер (бүкіл әлем бойынша географиялық жағдайлардың онлайн мониторингі), Дүниежүзі картасы, Нақты өлшемдер, Әлемнің веб-камералары, Картографиялық викторина. Сонымен қатар мұхиттар, теңіздер, бұғаздар, көлдер, өзендер және сарқырамалар сияқты барлық су нысандары туралы ауқымды мәліметтерді қамтитын географиялық энциклопедия ұсынылуы керек. Әрбір нысанның сипаттамалары, өлшемдері, географиялық орналасуы мен маңызы толық баяндалуы тиіс. Энциклопедияда құрлық туралы да ақпарат, соның ішінде барлық континенттер, архипелагтар, аралдар, тау жүйелері мен шыңдар, жанартаулар, шөлдер, үңгірлер және кратерлер туралы толық сипаттамалар берілуі қажет. Жер бетінің осы элементтерінің әрқайсысының географиялық құбылыстарды түсінудегі өзіндік ерекшеліктері мен маңызы көрсетілуі тиіс. Энциклопедияны оқу арқылы пайдаланушы

	планетамыздың алуан түрлілігі, географиялық ерекшеліктері, олардың экожүйелер мен Жердегі тіршілік үшін маңызы туралы жан-жақты түсінік алуы керек. Сонымен қатар энциклопедияда оқушылар мен педагогтердің оқуын көрнекі әрі қызықты ететін әртүрлі суреттер, карталар мен графиктер болуы тиіс. Сонымен қатар интерактивті 3D Күн жүйесі моделі ұсынылуы тиіс, оның функционалдық мүмкіндіктері төмендегідей: 1. Күн жүйесінің 3D моделін айналдырып көру және әр планетаны жақындату мүмкіндігімен көрсету; 2. Планетаны тізімнен немесе интерактивті карта арқылы таңдау мүмкіндігі; 3. Планеталар туралы мәтіндік және аудио форматтағы түсіндірме ақпаратты көрсету; 4. Планеталардың орбиталарын көрсету мүмкіндігі. Планеталардың өз осінен айналу жылдамдығын басқару мүмкіндігі. Техникалық талаптар: 1. Күн жүйесінің 3D моделін көрсету үшін WebGL қолданылуы тиіс; 2. Пайдаланушының бағдарламалық қамтылыммен өзара әрекетін іске асыру үшін JavaScript және Three.js сияқты кітапханалар қолданылуы тиіс; 3. Бағдарламалық қамтылым веб-браузер арқылы қолжетімді және мобильді құрылғыларға бейімделген болуы тиіс. Ұсынылатын барлық ақпарат (контент) қазақ және (немесе) орыс тілдерінде болуы, сондай-ақ ағылшын тілін қолдануға рұқсат етілуі тиіс. Контенттің кез келген бетінде қаралып жатқан беттің орнын сақтай отырып, тілдерді ауыстыру мүмкіндігі қарастырылуы қажет. Әлеуетті өнім беруші стендке қатысты контентті кемінде 12 (он екі) ай бойы ақпараттық және басқа да қажетті қолдаумен қамтамасыз етуі тиіс (қателер мен ақаулардың алдын алу үшін толық тестілеу, оңтайландыру). Осы ақпараттық-білім беру стенді аясында жалпы қарау және танысу мақсатында дерекқорға интернет арқылы қосылып, контентті экранға (теледидарға немесе интерактивті панельге) шығару функциясы көзделуі тиіс. Барлық ақпарат смартфонда және (немесе) планшетте бір мезгілде қолжетімді болуы қажет. Пайдаланушы смартфондағы және (немесе) планшеттегі тиісті белгішені (батырманы) басу арқылы осы функцияны қолдана алуы тиіс. Басқаша айтқанда, стендпен байланысқан арнайы әзірленген контентте (дерекқорда) интернет байланысы және құпиясөзді (кодты) енгізу арқылы ақпаратты үлкен экранға шығару функциясы қарастырылуы тиіс. Әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға арналған өтінім құрамында сатып алу нөмірі мен лот нөмірін көрсете отырып, осы сатып алу шеңберінде сатып алынатын түпнұсқа (контрафактілік емес) тауарды өткізуге құқығын растайтын зияткерлік меншік объектілерін пайдалануға рұқсаттың электрондық көшірмесін (не электрондық құжатты) ұсынады. Мұндай құжаттарға патент, авторлық куәлік (авторлық құқық объектісіне құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы куәлік), пайдалы модельге куәлік және өзге де авторлық (техникалық) құжаттама жатады. Рұқсатты құқық иеленуші (дайындаушы) немесе оның Қазақстан Республикасының аумағындағы ресми өкілі береді. Рұқсат атаулы болып табылады (нақты конкурс пен лот бойынша нақты әлеуетті өнім берушіге беріледі) және оны сәйкестендіруге әрі тексеруге мүмкіндік беретін, құқық иеленуші тағайындаған бірегей тіркеу

	нөмірін (кодын) қамтиды. Бұл талап әлеуетті өнім берушінің құқық қабілеттілігін растау үшін (Қағидалардың 46-тармағы) және контрафактілік өнім жеткізілуін болдырмау мақсатында қойылады. Ол тауардың сипаттамалары, жиынтықтылығы және шығарылған жері туралы құжаттарға (техникалық паспорттар, сәйкестік сертификаттары және т.б.) жатпайды; мұндай құжаттар конкурстық құжаттамаға сәйкес тауарды жеткізу кезінде ұсынылатыны туралы міндеттемесі бар кепілдік хатпен расталуы мүмкін. Заңдылық қағидатын сақтау (Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 5-бабы) және үшінші тұлғалардың (құқық иеленушілердің) құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына жол бермеу мақсатында әлеуетті өнім беруші тиісті зияткерлік меншік объектілеріне құқық белгілейтін құжаттарды, атап айтқанда сатып алынатын объектіге қатысты дизайнға, бастапқы кодқа және дерекқорға патентті, авторлық куәлікті (құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті) ұсынады. Рұқсатта көрсетілген зияткерлік меншік объектісінің атауы құқық белгілейтін құжаттағы (патенттегі, авторлық куәліктегі, мемлекеттік тіркеу туралы куәліктегі) осы объектінің атауымен толық әрі сөзбе-сөз сәйкес келуі тиіс. Рұқсат берілген объектінің атауын ауыстыруға, қысқартуға, ішінара өзгертуге (басқаша тұжырымдауға) жол берілмейді. Рұқсат Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 3-тарауына, № 4 қосымшасының 18-тармағына сәйкес конкурсқа қатысуға арналған өтінімнің құрамына енгізіледі. Конкурсқа қатысуға арналған өтінімде сатып алынатын тауарларды өндіруге, қайта өңдеуге, жеткізуге және өткізуге, жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге әлеуетті өнім берушінің құқығын растайтын рұқсаттар (хабарламалар) және (немесе) патенттер, куәліктер, сертификаттар, басқа да құжаттар қамтылады. Аталған Рұқсаттың және (немесе) құқық белгілейтін құжаттардың (патенттердің, авторлық куәліктердің, куәліктердің, сертификаттардың және әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын тауарды өндіруге, қайта өңдеуге, жеткізуге және өткізуге құқығын растайтын өзге де құжаттардың) ұсынылмауы, сондай-ақ Рұқсаттағы зияткерлік меншік объектісі атауының тиісті құқық белгілейтін құжаттағы атаумен сәйкес келмеуі әлеуетті өнім берушіні конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келмейді деп тануға және № 687 Қағидалардың 3-тарауының 10-параграфы, 212-тармағына сәйкес конкурсқа қатысуға жібермеуге негіз болып табылады. Әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға жіберілмейді (конкурсқа қатысушы деп танылмайды), егер: сатып алынатын тауарларды өндіруге, қайта өңдеуге, жеткізуге және өткізуге, жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге құқықты растайтын патенттердің, куәліктердің, сертификаттардың және басқа да құжаттардың электрондық көшірмелері немесе электрондық құжат түріндегі нұсқалары ұсынылмаса. Егер сатып алынатын тауар шетелден шыққан болса, Қазақстан Республикасының аумағындағы ресми өкіл шетелдік компанияның мүдделерін білдіруге құқығын растайтын,

	берілген күні мен қолданылу мерзімі көрсетілген құжатты (шарт, куәлік, сертификат және т.б.) қосымша ұсынады. Осы тақырып бойынша ақпараттық-білім беру стендінің саны – 1 дана. 3. Қағаз карталар. 3.1 Австралия мен Мұхит аралдарының физикалық картасы – 1 дана. «Австралия мен Мұхит аралдарының физикалық картасы», 100×70 см (фотоқағаз), орыс тілінде. 3.2 Азияның саяси картасы – 1 дана. «Азияның саяси картасы», 100×70 см (фотоқағаз), орыс тілінде. 3.3 Азияның физикалық картасы – 1 дана. «Азияның физикалық картасы», 100×70 см (фотоқағаз), орыс тілінде. 3.4 Африканың саяси картасы – 1 дана. «Африканың саяси картасы», 100×70 см (фотоқағаз), орыс тілінде. 3.5 Африканың физикалық картасы – 1 дана. «Африканың физикалық картасы», 100×70 см (фотоқағаз), орыс тілінде. 3.6 Еуразияның физикалық картасы – 1 дана. «Еуразияның физикалық картасы», 100×70 см (фотоқағаз), орыс тілінде. 3.7 Еуропаның саяси картасы – 1 дана. «Еуропаның саяси картасы», 100×70 см (фотоқағаз), орыс тілінде. 3.8 Дүниежүзінің климаттық картасы – 1 дана. «Дүниежүзінің климаттық картасы», 100×70 см. 3.9 Дүниежүзінің физикалық картасы – 1 дана. «Дүниежүзінің физикалық картасы», 100×70 см (фотоқағаз), орыс тілінде. 3.10 Дүниежүзі халықтары және халық тығыздығы картасы – 1 дана. «Дүниежүзі халықтары және халық тығыздығы картасы», 100×70 см (фотоқағаз), орыс тілінде. 3.11 Мұхиттар картасы – 1 дана. «Дүниежүзі мұхиттары», 140×100 см (фотоқағаз), орыс тілінде. 3.12 Дүниежүзінің табиғат зоналары картасы – 1 дана. «Дүниежүзінің табиғат зоналары», 100×70 см (фотоқағаз), орыс тілінде. 3.13 Солтүстік Американың саяси картасы – 1 дана. «Солтүстік Американың саяси картасы», 100×70 см (фотоқағаз), орыс тілінде. 3.14 Солтүстік Американың физикалық картасы – 1 дана. «Солтүстік Американың физикалық картасы», 100×70 см (фотоқағаз), орыс тілінде. 3.15 Дүниежүзінің экологиялық мәселелері картасы – 1 дана. «Дүниежүзінің экологиялық мәселелері картасы», 100×70 см (фотоқағаз), орыс тілінде. 3.16 Оңтүстік Американың саяси картасы – 1 дана. «Оңтүстік Американың саяси картасы», 100×70 см (фотоқағаз), орыс тілінде. 3.17 Оңтүстік Американың физикалық картасы – 1 дана. «Оңтүстік Американың физикалық картасы», 100×70 см (фотоқағаз), орыс тілінде. Қағаз карталар 3.17 Қазақстан Республикасының саяси-әкімшілік картасы – 1 дана. Масштабы 1:2 500 00. 3.18 Қазақстан Республикасының физикалық картасы – 1 дана. Масштабы 1:2 500 00. 4. Демонстрациялық модельдер 4.1 Жарықтандырылатын жұлдызды аспан глобусы, 320 мм – 1 дана. Диаметрі 320 мм, ұзындығы кемінде 32 см, ені кемінде 32 см, биіктігі 34 см, диаметрі кемінде 32 см. Қаптама түрі – картон қорап, материалы – пластик. Электр желісінен жұмыс істеуі тиіс. Глобуста жарықтандыру болуы қажет. Тұғырының материалы – пластик, түсі – көк. 4.2 Жердің саяси глобусы, 320 мм – 1 дана. Әлемнің саяси құрылымын зерттеуге арналған Жердің кішірейтілген көшірмесі болуы тиіс. Құрлықтардағы мемлекеттер мен елді мекендердің орналасуын көрсетуі керек. Модельдің орнықты пластик тұғыры болуы қажет.

	Жасалатын материалы – пластик. Диаметрі кемінде 320 мм. 4.3 Жердің физикалық глобусы, 150 мм – 15 дана. Жердің физикалық (зертханалық) глобусы, масштабы 1:50 млн. 4.4 Ай глобусы, 320 мм – 1 дана. Модель пластмассадан жасалуы тиіс. Модель жанартаудың құрылысын және жанартау әрекетінің әртүрлі қырларын бейнелеуі керек. Модельде шығару конусы, жанартау кратері, жанартау лавасы, барранкостар, фумаролалар, теңіз жағалауы көрсетілуі тиіс. Модель табиғи түстермен боялуы керек. Диаметрі кемінде 320 мм. 4.5 Марс глобусы, 320 мм – 1 дана. Диаметрі кемінде 320 мм. Техникалық сипаттамалары: диаметрі 300 мм-ден артық; тұғыры пластиктен жасалуы тиіс; тұғырының түсі қара болуы тиіс. 4.6 «Жер қыртысының ығысулары мен жарылымдары» географиялық моделі – 1 дана. Модель бөлшектенетін болуы және тау жыныстарының ығысуын бейнелейтін жер қыртысының бөліктерін көрсетуі тиіс. Пластиктен жасалып, табиғи түстерге боялуы керек. 4.7 «Жердің құрылысы» географиялық моделі – 1 дана. Модель алынбалы бөлігі бар Жердің бедерлі глобусы түрінде болуы тиіс. Алынбалы бөлікте Жер шарының ішкі құрылысы: ядро, мантия және жер қыртысы көрсетілуі қажет. Материалы – пластик. 4.8 «Теңіз түбі бедерінің құрылысы» географиялық моделі – 1 дана. Модель бөлшектенбейтін, пластмассадан жасалған және табиғи түстерге боялған болуы тиіс. Модельде және оның қималарында жанартау әрекеті нәтижесінде теңіз астындағы жер қыртысы қабаттарының өзгеруі көрсетілуі керек. 4.9 «Күн–Жер–Ай (теллурий)» моделі – 1 дана. Модель үш аспан денесінің – Күннің, Жердің және Айдың өзара орналасуы мен салыстырмалы қозғалысын көрсетуге мүмкіндік беруі тиіс. Жиынтыққа кемінде: теллурий – 1 дана, бұрандасы бар тұғыр – 1 дана, пайдалану жөніндегі нұсқаулық – 1 дана кіруі керек. 4.10 Циклон мен антициклон моделі – 1 дана. Оқу құралы тұғырға орнатылатын, шиыршық тәрізді циклон және антициклон модельдерінен тұруы тиіс. Жалпы қабылданған белгілеуге сәйкес көк шиыршық циклонды, қызыл шиыршық антициклонды білдіруі тиіс. Көрсеткілер ауаның төмен түсетін және жоғары көтерілетін ағындарын белгілеуі керек. Табиғи коллекциялар. 4.11 «Минералдар мен тау жыныстары» коллекциясы – 1 дана. Коллекция құрамына мына минералдардың үлгілері кіреді: күкірт, гранит, пирит, халькопирит, қорғасын жылтыры, галит, сильвинит, флюорит, кварц, шақпақтас, боксит, марганец кені, гематит, магнетит, лимонит, хромды теміртас, апатит, фосфорит, сидерит, магнезит, каолин, дала шпаты, гипс, гранит, әктас, құмтас, мергель, мәрмәр. 4.12 «Пайдалы қазбалар» коллекциясы – 1 дана. Коллекцияда негізінен өздері немесе тиісті өңдеуден кейін пайдалы қазба ретінде пайдаланылатын шикізат болып саналатын тау жыныстары мен минералдардың кемінде 32 түрінің үлгілері болуы тиіс. Үлгілер тізімдегі нөмірлеріне сәйкес нөмірленіп, жиналмалы картон қораптың арнайы ұяшықтарына орналастырылуы қажет. 5. Аспаптар мен керек-жарақтар 5.1 Анероид барометр – 1 дана. Анероид барометр атмосфералық қысымның өзгерісін бақылауға арналған болуы тиіс. Өлшеу диапазоны: 720-дан 780 мм сынап

	бағанасына дейін және 96 000-нан 104 000 Па-ға дейін. Шкаланың бөлік құны: 1 мм сынап бағанасы немесе 100 Па. Габариттік өлшемдері: диаметрі кемінде 141 мм, биіктігі кемінде 50 мм. 5.2 Гигрометр – 1 дана. Аспап ауаның салыстырмалы ылғалдылығы мен температурасын өлшеуге арналған болуы тиіс. Жұмыс істеу қағидаты ауа ортасының жағдайына қарай құрғақ және ылғалдандырылған термометр көрсеткіштерінің айырмашылығына негізделуі қажет. 5.3 Электрондық қашықтық өлшегіш – 3 дана. Таза салмағы 0,7 кг-нан аспайды. Ең жоғары өлшеу қашықтығы кемінде 40 м. Толқын ұзындығының ең жоғары мәні кемінде 670 нм. Қателігі ±2 мм. Соққыға төзімді корпусы болуы тиіс. Пифагор функциясы қарастырылуы керек. Есептеу басталатын нүктелер саны кемінде 3. Ең төмен өлшеу қашықтығы – жарты метр. Қуат элементтері: 3 × 1,5 В/ААА. 5.4 Мектеп компасы – 15 дана. Катушканың, өткізгіштің магнит өрісінің және Жердің магнит өрісінің өзгерістерін көрсетуге арналған болуы тиіс. 5.5 Курвиметр – 3 дана. Курвиметр карталардағы, жоспарлардағы және сызбалардағы ирек сызықтардың ұзындығын өлшеуге арналуы тиіс. Бұл көрнекі өлшеу аспабының алдыңғы бөлігінде карталардың, глобустардың және кәдімгі сызғышты қолдану мүмкін болмайтын басқа да оқу құралдарының бетімен жүргізуге арналған бедерлі дөңгелегі болуы керек. Циферблатта масштаб бойынша қашықтықты анықтау үшін курвиметр көрсеткіштері бейнеленуі тиіс. 5.6 Рулетка – 3 дана. Таспасының ұзындығы кемінде 5 м, ені кемінде 19 мм. Корпус материалы – ABS-пластик және каучук. Таспа болаттан жасалуы тиіс, түсі сары. Өлшем бірлігі – сантиметр. Таза салмағы 0,22 кг-нан аз. 5.7 Ең жоғары және ең төмен мәндерді тіркейтін термометр – 1 дана. Жалпы білім беру ұйымының физика және география кабинеттерінде белгілі бір уақыт аралығындағы ауаның ең жоғары және ең төмен температурасын тіркеу үшін қолданылуы тиіс. Аспап кемінде екі термометрден тұруы керек. Термометрлердің бағандары ауаның сол сәттегі температурасын көрсетуі тиіс. Бір термометр ең төмен температураны, екіншісі ең жоғары температураны тіркеуге арналған болуы қажет. 5.8 Сейсмограф моделі – 1 дана. Аспап жер сілкінісі дүмпулерінің күшін, бағытын анықтауға және өлшеуге арналуы тиіс. Құрылымы қарапайым: жүк тігінен немесе көлденеңінен орналасқан серіппеге ілінеді, ал жүктің екінші ұшына жазғыш қалам бекітіледі. Айналмалы қағаз таспа жүктің тербелісін тіркеуге қызмет етуі тиіс. Дүмпу неғұрлым күшті болса, қалам соғұрлым көбірек ауытқып, серіппе ұзақ тербеледі. 5.9 Флюгер – 1 дана. Желдің бағытын өлшеуге арналған метеорологиялық аспап болуы тиіс.

Әлеуетті өнім берушіге оның жеңімпазы анықталған және онымен Мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалған жағдайда қойылатын талаптар (қажет болған кезде көрсетіледі) (әлеуетті өнім берушіні көрсетілген мәліметтерді көрсетпегені және ұсынбағаны үшін қабылдамауға жол берілмейді)	Осы жоба шеңберінде мердігер география кабинетін жаңғырта отырып, эстетикалық безендіру жұмыстарын орындауға міндетті. Жұмыстардың нысаны – география кабинеті. Эстетикалық безендіру шеңберінде әлеуетті өнім беруші кеңістікті функционалдық аймақтарға бөлу талаптарына сәйкес интерьерді және сәндік жиһаздарды безендіру бойынша кешенді жұмыстарды орындауға міндетті. Кабинетті эстетикалық безендіру заманауи білім беру ортасының ажырамас бөлігі болып табылады және қолайлы психологиялық ахуал қалыптастыруға, оқушылардың білім алуға деген ынтасын арттыруға, сондай-ақ олардың мәдени және эстетикалық құндылықтарын дамытуға бағытталған. Кабинеттің көрнекі кеңістігі оқушылардың алаңдаушылық деңгейін төмендетуге, зейінін шоғырландыру қабілетін жақсартуға және білім беру ұйымына деген қатыстылық сезімін қалыптастыруға ықпал етуі тиіс.

Приложение 16
к конкурсной документации

Техническая спецификация закупаемых услуг (заполняется заказчиком)

Наименование заказчика	Коммунального государственного учреждения "Общеобразовательная школа №14" отдела образования по Мунайлинскому району Управления образования Мангистауской области
Наименование организатора	Коммунального государственного учреждения "Общеобразовательная школа №14" отдела образования по Мунайлинскому району Управления образования Мангистауской области
№ конкурса:	№ 17987756-1
Наименование конкурса:	Услуга по эстетическому оформлению кабинетов
Номер лота:	№ 88703210-ОК1
Наименование лота:	Услуги по эстетическому оформлению
Наименование кода Единого номенклатурного справочника товаров, работ, услуг:	749020.000.000124
Наименование услуги:	Услуги по эстетическому оформлению
Единица измерения:	Одна услуга
Количество (объем):	1
Цена за единицу, без учета налога на добавленную стоимость:	8620689.66
Общая сумма, выделенная для закупки, без учета налога на добавленную стоимость:	8620689.66
Срок оказания услуги:	Со дня подписания договора до 30 календарных дней
Размер авансового платежа* *:	0 %
Гарантийный срок (в месяцах)	12

